



**"Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының, келісімдерінің және жекелеген заң актілерінің бюллетені" деген басылым шығару туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1993 жылғы 30 сәуір N 1192

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыртқы саяси және сыртқы экономикалық қызметі туралы мемлекеттік органдардың, мекемелердің және азаматтардың жедеғабыл хабарлар болуын арттыру мақсатында "Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының, келісімдерінің және жекелеген заң актілерінің бюллетені" деген басылым шығару белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі, Экономика министрлігі жариялауға жататын халықаралық келісімдер Бюллетень редакциясына бірінші кезекте жіберілуін қамтамасыз етсін.

3. Бюллетень үш айда бір рет мерзімділікпен қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде шығарылып тұрады.

4. Бюллетеньге әдістемелік басшылық ету және оны басып шығару Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жүктелсін, оған 2 айлық мерзімде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын, келісімдерін және жекелеген заң актілерін жариялау тәртібін әзірлеу тапсырылады.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бюллетеньді

әзірлеу мен шығаруға арналған қажетті қаржы бөлінуін көздейтін болсын.

6. Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі Бюллетеньнің кітап саудасы арқылы таратылуы мен өткізілуін ұйымдастырсын.

7. Байланыс министрлігі Бюллетеньнің жазылу бойынша таратылуын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК